

Г.С. БАЛТАБАЕВА

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ АҒАШ ТОТЕМІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Қазіргі қазақ әңгімесіндегі – Ағаштың фольклорлық сипатын сан түрлі түрғыдан көруге болады. Мәселен, М.Мағауиннің «Қисық ағаш», «Қос ағаш», Р.Отарбаевтың «Бейтерек», Н.Ораздың «Теріс ағаш» әңгімелері бір қарағанда экологиялық тақырыпқа арналған сияқты. Ал шығарманың түпкі идеясына терең ұнлесек, ежелден келе жатқан «ағаш – дүние тіреті» дейтін ұғым жаңғырған.

«Тотемнің мағынасы – «төркіндік белгі» немесе таным тарихына қыскаша барлау дегенді білдіреді.

Қазақ бүгінде ислам дінін ұстанатын мұсылман халық болғанмен, оның мәдениетінен шамандықтың, тіпті, одан да ежелгі, алғашқы діндердің таңбалары менмұндалып тұрады. Сол алғашқы діндік құбылыстардың бірі – тотем. Тотем есте жоқ ерте кездегі «сәби» адамзаттың қарабайыр, бірақ қатепті діндік ұғымынан туған. Тотемдік ұғым бойынша әр тайпаның, тіпті әр заттың, құбылыстың жаратушысы болады. Айта берсең, кәдімгі дерт-дербез, пәле-қазаның да өз иесі болмақ.

Тотемге табыну – діннің ең ертедегі түрі. Алайда, оның арғы тегінде діндік реңктен гөрі, нышандық сипаты басымдау. Тотем – назариялдық (теориялық) жүйедегі шынайы ғылым көзіне о баста Америка құрлығының солтустігіндегі үндістер тұрмысынан шалынды. Бұл сез (тое) «төркінім» және «белгілі» (нышаны) деген мағыналарды беретін үндіс тілінің дыбыстық аудармасы. Рулық қоғамдағы санағы толыспаған әлеумет мүшелерінің дені «әрбір тайпа әз алдында белгілі нәрседен пайда болған» деген нанымда болған. Сол «нысаналы нәрсенің» көбі қасиеті ерек хайуанаттар, одан қалса өзгеше жаратылған өсімдік және басқа ерекше қорғап, басына көтере қадірлесе, әуел баста олар табынатын тәнірі есептелмеген, көбінде сол тайпаның символдық белгісі ретінде қаралған. Мәселен, бүгінде үндістердегі кейір ру-тайпалар қияли турінде өздері шауып-қырнап жасап алған тотемдік ұстынын (колоннасын), әдетте ауылдың немесе үйдің сыртына орнатып қоятын ағашты тек тайпалық рәміз үшін ғана пайдаланады. Эсте оған табынбайды. Бұл – үндіс халқында алғашқы санадан қалаған наным. Ұақыт озған сайын тотемді құрметтеу – санағына судай сініп, балдай татып кеткен тайпа мүшелері жаратылыстың ғажайып күштері алдында қорғансыз күйге түссе-ақ тотемдерінен медет, жақсылық тілейтін әдет қалыптастырыған. Мәселен, бағзы замандарда тотемдік нәрсе айуан болса, етін жемейтін, зат болса, оған жұғыспайтын болған. Міне, осылайша тотемдік заттардың діндік мағынасы қоюлай түсті де, оған табыну бірте-бірте бел ала бастады. Осы тотемдік заттарға табыну үрдісі жүйелі де іргелі діндер жарыққа шықканға дейін жалғасып келді. Мәселен, бүгінгі кейір мұсылман халықтардың тотемдік танымдарының орнын шамандық, кейін келе «18 мың» ғаламды жаратушы, құдырыті қүшті алла деген наным басты.

М.Мағауиннің «Қисық ағаш» әңгімесі «...Міне қызық. Оң қанат – аллеяның парк жақ беті – биік, сымбатты қарағай. Самсай тізіліп түр. Сол қанат – Дзержинский көшесіне қараған беті – қызы-жиқы, қисық-қыңыр қара ағаш» [1] - деп авторлық пайымын осы бір көшесің екі жақ бетінде өсken ағаштардың екі бөлектігін суреттеу арқылы, бір елдің басынан өткерген екі түрлі бір-біріне керегар екі өмірін алып көрсеткендей. Бірі қазіргі тұзу жолдың бойындағы сымдай тартыла самсаған қарағай тәрізді тәуелсіздік алып, еңсесі биіктей түскен елдің символын білдірсе керек. Ал екіншісіне өкінішті өткені ғұлыңғыр елеске айналса да көлендеке құсап арыла алмай келе жатқан кенестік солақай саясат ізіне – қызы-жиқы, қисық-қыңыр қара ағашты алып отыр. Суреткөр шеберлігінің өзі ағаш болғанда қарағай – біріншіден, ол ешқашан қисық өспейтін, әрқашан да қисамай тік өсіп, биікке ұмтылып өсетін көп жылдық, қызы-жазы өзінің жап-жасыл қалпын өзгерте қоймайтын, мықтылығы сондай дініне балта бойламайтын қылқан жапырақты ағаш болып саналады. Қарағайдан салынған үйлер жүз жылдан тұрмақ, мың жылдан небір қарлы-жанбыр жауса да шірімейді. Керісінше жыл өткен сайын қатты болып, нығыздала түседі. Жалпы қарағай – өрлік пен биіктіктің рәмізі болып саналады. Автордың ағаштардың ішінде қарағайды тандауының мәні осында тәрізді. Жазушының қарағай мен қисық өсken қарағашты біріне-бірін

қарама қарсы алуының да өзіндік мәні бар. Қисық өскен қара ағаш – онынан емес, қисық қыңыр келген заманды, бір кезеңді алғып отыр. Қазакта жолын онынан болсын, он тілек, айың онынан тусын деген ақ тілектері бар. Ал керісінше қисық, теріс-қағыс деген ұғымдарға да аса мән берген. Мәселен Қуандық Түменбайдың «Адамның тууы» атты әңгімесінде де осы мәселе сөз болады.

«– Бала теріс келді, мейілі ме?

Оң, теріс деген ұғымға түсініп жаратқан ол жоқ.

– Теріс келсе, балаң ұрпақсыз қалады. Мейілі ме?

– Теріс... деп жігіт сәл мұдіріп қалды.

– Сен өзің теріс дегенді түсінесің бе? Адам анасынан теріс шығады. Теріс шықса ұрпақсыз қалады» [2]. Жарық дүниеге келген адамның басымен шығып, ал өмірден озып, ақтық сапарға аяғымен шалқалап шығатыны бәрімізге мәлім. Қасым Аманжоловтың «Шалқалап әкем шықты үйден» демекші, не нәрсе болса да бұл дүниеде өзінің ретімен, Алланың жаратқан табиғи болмысы, жаратылысы бұзылмай берілгенге не жетсін дейді авторлық таным. Адам болашағының кілті осы он мен теріс келудің өзінде екен. Атам қазақтың «ісің онынан болсын», «он аяғыңмен атта», «айың оныңнан тусын» деп тілек тілеп, бата беруінде де үлкен мән жатыр екен. Қуандық Түменбай өз шығармасында теріс келу концептісінің мәні ұрпақсыз өтіп, болашағыңа балта шабылады, теріс келген адамның ісінің бәрі терісінен келіп, онбайды десе, ал М.Мағауин қисық өскен ағашты сол о баста теріс келген бала тәрізді басынан онбай қыңыр келген заманның рәмізі деп түйіндейді. Екі жазушы екі түрлі тақырыпты жаза отырып, бір-ақ өзекті мәселені қозғап тұр. Бәрі онынан, тұзу болсын деген тілекten туындаған мөлтек сырғана.

«Шекесі әлденеге соғыла жаздал, әрен токтады. Көлденең ағаш. Қисық ағаш. Қисық болғанда, тротуар жаққа сұлай біткен. Жуандығы құшақтан астам, қожыр-қожыр діні балталап шапса сызат түспес берік. Құлап кетпей қайтіп тұр. Тұбі берік, бұтағы бүтін. Сынайна қараганда, тамыры мықты. Бес жұз жылдық емен. Әлі жас. Көп болса егілгеніне жетпіс жыл. Осы қисық қалпында әлі қашшама заман тұруы қак» [1].

Автордың суреттеп отырган ағашы – ағаш болғанда қисық біткен ағаш. Жоғарыда айтып өткендей қисық өскен ағаш арқылы суреткер өзінің барлық айтпақ ойын осы «қисықтық» әкеліп тіреп, үлкен салмақ салып отыр. Табиғаттың жаратылысын бұзып, жоғарыға, көкке ұмтылатын ағаш көлдененін келіп тұр. Қазақта кесе-көлденең тұрма, көлденең келді деген сөздер мәні осы әңгімені оку барысында ашылады. Автордың айтпағы тұзу емес қисық біткен нәрсе әрқашан да көзге қораш көрінері анық. Егер өсіп тұрған қисық ағаш көрсөніз, ондай жердің де жақсы орын болмағаны. Соны білетін диқаншылар экономикалық шығынға ұшырамас үшін ондай жерге егін екпеген. Ал жазушының қисық ағашының мөн-жайы неде? Қисық ағашты суреттеу арқылы айтпағы не дегенге келсек:

«Дүсінде қисық орнаған. Содан соң тамыр тартып, жапырақ жайып, бой созған сайын, ауыр салмағы төмен тартып, мысқалдан, бұрынғыдан эрмен қисая берген. Теріс бітімін ешкім көріп түзмелеген. Немесе, түзелмеген. Сол қалпы жуандап, бұтақтана түсken. Қисық қалпында. Енді, аз ба, көп пе, уақыт өткен соң, кесімді мезгілінен көп бұрын, түбінен қырқыла құлайды. Қарлы жауын жауып, екпіндей дауыл соқса болғаны. Әрен тұрған қисық ағаштың ғұмыры санаулы» [1], - деп автор жана егілген кезінде неге түзетпеген деп астарлы сұрағын коя отырып, әдейі түзетпеген шығар. Мүмкін, қожайынға дәл осындағы қисық ағаш керек болған шығар. Барлық ағаш тұзу, тұзуге жақын, тік. Шындығында қысықтығы егушіге қызық көрінген болар. Эксперимент жасаған шығар бәлкім... Кім білсін? - деген астарлы ойдың шешімі қисық ағаш – қисық, қыңыр заман болар бәлкім... Ал сол заманның қыңыр болуы ол заманды құрушы мен жасаушыларына тимді болған шығар. Қыңыр заманның арты жақсылыққа апармасын білсе де кем-кетігін жөнделеп түзеткілері де келмеген болар. Мүмкін қисық ағаш тәрізді қисық, қыңыр заманның үстемдік құруын он көрүлөрі де әбден мүмкін. Сонымен суреткер қисық ағашты деталь ретінде ала отырып, қыңыр заманың символы ретінде алғып отыр. Жазушы осы қисық ағаштан қандай қауіп-қатер барлығын, осы көлденең біткен ағаштан келіп-кетер нендей қындық көрерін бейнелеуде тағы да градация әдісіне сүйенеді.

Төбесін ойып ала жаздадыбет-аузы талқан болар еді....онбай сүрінген.... төрт тағандай жығылған.... екі тізесі қақсан барады екі алақаны қатарынан талқан болыпты. құдай

сақтады....Сүйек аман екен, -деп автор кейіпкерінің басын көлденең ағашқа соққызыу арқылы қыныр заманнан зәбір көрген адамның бейнесін көрсетуге тырысқан.

М.Мағауннің «Қисық ағаш» әңгімесі басынан-аяқ тұнып тұрған астарлы мағынада, символдық рәмізben жазылған туынды деп қорытуға толық негіз бар. Сонымен, шығармадағы рәміздерге келетін болсаң:

Қисық қыныр келген совет заманы.... қисық ағаш

.... ескерткіш

.... сұр үй

Қисық ағаш кеңес заманы

.... кеңес заманындағы қазақ әйелі

.... Қисық кеткен адам тағдыры

«Сонымен бірге ұлттың ұлттылығын айқындаپ, бедерлей түсетін этнографиялық сипаттардың молдығы да М.Мағаун шығармашылығына тән эстетикалық факторлардың бірі болып табылады десек, артық емес.

Жазушы қазақи өмір салтын, тарихи, дәстүр мен этнографиялық ұстанымдарын мейлінше терең білетіндігін және оның бұл бағыттағы барлық шығармаларынан дерлік көрініс табатынын атап айтуда қажет.

Автордың бұл шығармасының ерекшелігі: бұрыннан бар фольклордағы ұғымдарды тірілту, жаңаша мән беру арқылы ой айтуда.

М.Мағауннің “Қисық ағаш” әңгімесіндегі өзекті ой Н.Ораздың “Терісағаш” әңгімесінен өз жалғасын тапқандай.

“Ол біздің ауылдың шетіндегі тоғайда өсіп тұрған Теріс ағаш. Жұрт оны көптен бері солай атайды. Сырттай қараганда айналасындағы басқа ағаштан ешқандай айырмашылығы жоқ” [3] - деп автор осы теріс ағаш оқиғасына шегініс жасау арқылы әңгімесін аяқтайды. Солқылдақ жас шыбықты ат қып мініп, тоғайға қарай “құйынданып” келе жатқан жас баланы Боранбай барон тоқтатып бұтының арасындағы “атын” жұлып алады.

“- Әй, акымақ, - дейді Әнтайға қарап. – Обал емес пе?! Бұ да өзіндей балағай.

Сосын ол саздау жерге әлгі шыбықты тік шаншып қоя салды. Әнтай қу оның шыбықты ұш жағынан теріс қадағанын байқап қалып:

- Барон көке, бұл бәрібір өспейді, - дейді. - Өйткені сіз оны дұрыс шаншыған жоқсыз.

Боранбай барон артына бұрылып қараса, шынында да, жас шыбықты теріс қадап қойған екен. Бірақ ол өзін мазақ еткісі келіп көздері үшкін атып тұрған үрпек сары балаға қарап:

- Өсе-ді! – дейді даусын созып. – Барон қадаған шыбық өспеуі мүмкін емес!

Расында да, сол шыбық кейін жетіліп, өсіп кетті. Басқа ағаштарға қараганда бас жағы жуандай, биік қара ағаш болды” [3].

Авторлық таным жас шыбық пен жеткіншек баланы психологиялық параллелизммен қатарластыра алып отыр. Негізгі өзекті ой “терісінен” қадалып отырғызылуында деп түйіндейді. Ағаш теріс отырғызылғанымен, өсіп-өніп, зәулім қарағашқа айналып отыр. Теріс те болса ағаштың шын ниетпен, таза көнілмен отырғызылуында деп пайымдайды автор.

ӘДЕБІЕТ

1. Мағаун М. Құмырсқа қыргын. – Астана: Аударма, 2004. -352 бет
2. Тұменбай Қ. Ағап ескерткіш. – Алматы: Жазушы, 2008. -240 бет.
3. Ораз Н. Биіктегі сұлтулық. – Алматы: Жазушы. 2008. -224 бет.

Резюме

В статье рассмотрена художественная функция символа дерева в произведениях указанного периода.

Summary

The article considers the artistic function of the tree symbol in the works of this period;